

ЖАҢА КІТАПТЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханада «Елі сүйген асыл қыз» атты жаңа жинақтың тұсаукесер рәсімі өтті.

Жинақ тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, журналист Алма Мұқанқызы Әжібаеваның 70 жылдық мерейтойына арналған екен. Онда жерлес қаламгерлердің А.Әжібаева туралы естеліктері мен оның шығармашылығы, адамгершілік қасиеттері жайында жазылған мақалалары жарияланған.

Шараға жиналған қауым осы жинақтың шығуына түрткі болған нәзік жанның партия, дипломатия, бұқаралық ақпарат құралдары мен педагогика саласында атқарған абыройлы қызметтері, ұйымдастырушылық қабілеті жөнінде сөз етті.

- Елі үшін өселі еңбек етіп, адамзатқа тән асыл қасиеттерімен қатарластарына үлгі болған Алма Мұқанқызын кейінгі ұрпақ та біліп жүрсін деген ниетпен осы еңбекті шығарып отырмыз, - дейді жинақтың авторлары мен демәушілері.

Н.ШОДЫР.